

**ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 5 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ/  
5- ЛЕТИЮ АКАДЕМИИ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ПОСВЯЩАЕТСЯ/  
DEVOTED TO THE FIFTH ANNIVERSARY OF THE ACADEMY  
OF LAW ENFORCEMENT AGENCIES**

**Ерғали Серікбайұлы Мерзадинов**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы*

*Құқық қорғау органдары академиясының ректоры,*

*әділет генерал-лейтенанты, з.ғ.к.*

**МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫ МИССИЯНЫ ОРЫНДАЙ КЕЛЕ**

Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдарының академиясы өзінің 5 жылдық мерейтойын атап өтуде. Біз атқарылған жұмысты қорытындыладық, өткенді талдадық, болашаққа жоспар құрдық. Осы қысқа мерзім ішінде біз белгіленген мақсаттарды жүзеге асыруда, еліміздегі және одан тыс жерлердегі жас ЖОО-ның бәсекелестік ұстанымдарын бекітуде сенімді қадамдар жасай алдық деп ойлаймын.

Ведомстволық ғылыми-білім беру мекемесін құру құқықтық жүйені жаңғыртудың маңызды буынына айналды. Академияға құқық қорғау корпусының қатарын лайықты түрде толықтыратын жаңа буын мамандарын дайындау бойынша жауапты миссия жүктелген.

Қойылған міндеттердің өзектілігіне сүйене отырып, біз өз алдымызға үлкен мақсат қойдық – құқық қорғау саласындағы білім мен ғылымның көшбасшысы болу, сол арқылы қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету проблемаларын шешуге өзінің бірегей үлесін қосу.

Осы бағытта алғашқы қадам жасалды – Академия өзінің мәртебесі мен білім беру қызметтерінің жоғары сапасын растап, институционалдық аккредиттеуден сәтті өтті.

«Құқық қорғау қызметі» және «Құқықтану» мамандықтары бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алды. Қазақстандағы ғылыми қызметтің субъектісі ретінде аккредитацияны алған жалғыз ведомстволық мекемеге айналды.

Жаңа кәсіптік және білім беру стандарттарына көшу ведомстволық білім беру жүйесін түбегейлі жаңғырту, оқу бағдарламаларын мазмұны мен оларды ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді

іздеу қажеттігі туындады. Академияның қалыптасуын озық технологиялар мен прогрессивті оқыту құралдарын енгізуден бастау – дұрыс және тиімді шешім болып шықты.

Білім беру тұжырымдамасының басты принципі – практикаға бағдарлану болды. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, практикалық құрамдас бөлікті күшейту, практиканың нақты сұраныстарын қанағаттандыруға баса назар аудару, оқыту тиімділігінің шешуші факторына айналды, соның салдарынан білім алушылардың кәсіби құзыреттілігі артты.

Жас заңгерлерді тәрбиелеудің маңызды бағыты – тыңдаушылардың өз білімін үнемі кеңейтіп, оны тиімді пайдалануға бағыттау болды. Сондықтан біз тыңдаушыларымызға өз бетінше ойлау дағдыларын, өзгеруге және өзін-өзі жетілдіру өнерін үйретуге тырысамыз. Бұл басты бәсекелестік артықшылық, кәсіби және тұлғалық өсу кепілі.

Бүгінгі таңда Академияда заң кадрларын оқытудың заманауи нысандары мен әдістерінің барлық қажетті кешені бар. Оның қабырғаларында құқық қорғау органдарының қызметкерлерін, соның ішінде жас мамандарды, басшы буынды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесі жолға қойылған. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ведомствоаралық ғылыми зерттеулер бағдарламалары іске асырылуда. Сабақтардың мазмұны мен оларды ұйымдастыру тәсілдері айтарлықтай өзгертілді. Оқу үрдісін сапалы ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етумен бірге бұл білім беру міндеттерін дәйекті және мақсатты түрде шешуге, жақсы мамандарды жоғары тиімділікпен дайындауға мүмкіндік береді.

Ғылыми-білім беру қызметінің стратегиялық бағыттары туралы айта оты-



рып, бірнеше басым векторларды бөліп көрсетуге болады.

Ең алдымен, Президенттік кадрлық резервте тұрған құқық қорғау органдары басшыларының біліктілігін арттырудың тиімді жүйесі жолға қойылған.

Бұл жобаның маңыздылығы айқын. Мемлекеттік органды басқару бүгінгі күні адамнан жоғары тиімділікті және барынша күш салуды талап етеді. Демек, өмірдің өзгермелі жағдайларына тез бейімделе алатын, оқиғаларды болжай алатын, жедел және адекватты шешімдер қабылдай алатын сауатты және прогрессивті ойлайтын басшылар қажет.

Сондықтан біздің мақсатымыз – тыңдаушыларға олардың кәсіби және тұлғалық өсуіне көмектесу, жұмысқа прогрессивті тәжірибе мен жаңа басқарушылық дағдыларды енгізу. Біз табысты басшылар, жақсы менеджерлер мен ұйымдастырушылар, психологтар мен шешендер болуға үйретеміз.

Өткен жылдары прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметінен 94 басшы өз біліктілігін арттырды, оның 23-і жоғары лауазымдарға тағайындалды.

Курстар ұйымдастырғанымыз үшін тыңдаушылардан алғыс сөздер мен оң пікір алып жатқанымызды атап өтуге қуаныштымын. Олар курстардың мазмұндылығы мен болашақ жұмыс үшін практикалық пайдасын, Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының жоғары кәсібилігін атап өтуде.

Біз мақтан тұтатын тағы бір жаңашылдық ретінде, мен құқық қорғау қызметіне алғаш кіретін азаматтарға арналған бастапқы кәсіби дайындық бағдарламасын атап өтім.

Академияның тәжірибесі бізге осындай бастамамен шығуға мүмкіндік берді. Ең бастысы, бізге қолдау көрсетілді, бұл біз үшін өте маңызды. Бүгінгі күні елімізде дипломдалған заңгерлердің тым көп болуына қарамастан, сауатты мамандардың елеулі тапшылығы байқалуда. Студенттік орыннан қызметке келген көптеген түлектер үнемі толыққанды жұмысқа дайын емес, маңызды практикалық дағдыларға ие емес екендігі байқалады. Бұл құқық қорғау органдарын

кадрлық қамтамасыз етудің ең ауыр жағдайларының бірі.

Жаңа білім беру моделі осы мәселені шешуге бағытталған. Бұл заңгерлерді дайындаудың тұжырымдамалық жаңа тәсілі. Оны әзірлеудің алдында маңызды дайындық жұмыстары жүргізілді. Біз прогрессивті шетелдік тәжірибені зерделеп, талдап көрдік. ЭЫДҰ елдерінің үздік білім беру тәжірибелерін негізге алдық.

Прокуратура органдарына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және экономикалық тергеу қызметіне кандидаттар Академияда бастапқы кәсіби даярлықтан өтуі тиіс.

Оқытудың мақсаты – жаңа бастаған маманға еңбек жолының бастапқы кезеңінде әрбір адамға қажетті негізгі білімдерін толықтыруға және жетілдіруге, кәсіби бейімделуден өтуге, тиімді жұмыс үшін маңызды практикалық дағдыларды алуға көмектесу.

Жыл бойы тыңдаушылар Академияда практикаға бағытталған, тереңдетілген оқудан және тиісті құқық қорғау органдарында салалық тағылымдамадан өтеді.

Қорытынды кезең – мемлекеттік емтихан тапсыру. Оқуды сәтті аяқтау кандидаттарға қызметке тағайындалуға кепілдік береді.

Біз осы бағдарламаға үлкен үміт арттымыз. Академияның біліктілікті арттыру бойынша, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру шеңберіндегі жұмыс өтілі, оқу үдерісін сапалы ғылыми және әдістемелік қамтамасыз етумен бірге мықты педагогикалық құрам жобаны дәйекті және тиімді іске асыру үшін бізге жақсы базаны қамтамасыз етеді деп ойлаймын.

Сондай-ақ, тыңдаушыларды оқыту, стипендиямен, тамақпен қамтамасыз ету бойынша. Бүгінгі жаһандық дағдарыс пен еліміздегі күрделі экономикалық жағдайда бұл орасан зор қаражат.

Тағы бір табысты инновациялық жоба – Академияның жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы тұру бойынша Өңірлік хаб ретіндегі шығуы. Бұл маңызды бастамада, бізді БҰҰ мен ЕҚЫҰ сияқты беделді халықаралық ұйымдар белсенді түрде қолдады.

Өткен жылдар ішінде біз белсенді дамып, өз әлеуетімізді арттырдық. Бүгінде бұл белгілі халықаралық зерттеу және

оқыту орталығы. Шетелдік ұйымдардың қолдауымен Өңірлік хаб аясында қаржылық тергеу, терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимыл, есірткі трафигі, киберқылмыс бойынша тренингтер өтеді. Бізде Қазақстанның құқық қорғау құрылымдарының қызметкерлерімен қатар жақын және алыс шетелдердің жедел қызметтерінің қызметкерлері білім алады.

Осы уақыт ішінде ұлттық жаттықтырушылар дайындалды, сарапшылар пулы құрылды. Оқытудың мамандану аясы кеңеюде. Симуляциялық тренинг түрлері табысты қолданылып келеді.

Бұл тәжірибе бізге халықаралық деңгейге шығуға мүмкіндік берді. Біз бүгінгі таңда сапалы жаңа деңгейге шығатын және жаңа мазмұнмен толықтырылатын осындай өзара іс-қимылдың өсіп келе жатқан тиімділігін ерекше атап өтеміз.

Осы жұмыстың арқасында Академия қаржылық (салықтық) тергеу органдарының қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау бойынша ТМД елдерінің базалық ұйымы мәртебесіне ие болды.

Бұдан басқа, 2019 жылы ТМД елдері бас прокурорларының Үйлестіру кеңесінің шешімімен Академияға прокурорлық-тергеу қызметкерлерін оқыту жөніндегі базалық ұйым мәртебесі берілді.

Біз достастық елдерінің серіктестеріне бірлескен жобаларды іске асыруда қолдау мен көмек көрсеткені үшін ризашылығымызды білдіреміз. Тату көршілік қарым-қатынастардың әлеуеті бізге мамандар даярлау тәжірибесімен алмасуға, ортақ ақпараттық және зияткерлік ортаны дамытуға мүмкіндік беретіні қуантады.

Менің ойымша, Академияға жаңа мәртебе беру туралы шешім кездейсоқ емес, өйткені Қазақстанның құқық қорғау жүйесі бірегей. Ол Кеңес дәуіріндегі қылмыстық процестің ең үздік дәстүрлерін сақтап, жинай алды, сонымен қатар экономикалық дамыған елдердің қазіргі заманғы озық тәжірибелерін қабылдады.

Осындай іс-шаралар барысында құқық қорғау органдары мен көптеген елдердің ғылыми-білім беру мекемелерінің қызметкерлері тәжірибе алмасып, үздік білім мен тәжірибені қабылдай алады, ең

бастысы, ұзақ мерзімді перспективаға бағытталған байланыстар орната алады.

Біз Ресейдің, Өзбекстанның, Украинаның және басқа да елдердің жетекші ғылыми-білім беру мекемелерімен өзара іс-қимылдың жоғары деңгейіне қол жеткіздік, тыңдаушылар және сарапшылармен өзара алмасу жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда шетелдік мекемелермен ынтымақтастық туралы 17 меморандум жасалды.

Сондай-ақ БҰҰ, ЕҚБ, ЕҚЫҰ, ЕО, Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы (ОАӨАҰО), Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (ТИКА), Ф. Эбберт, К. Аденауэр атындағы неміс қорлары және IRZ сияқты маңызды әріптестерді атап өткен жөн, олармен бірге жыл сайын белгілі ғалымдар мен сарапшылардың қатысуымен 30-ға жуық халықаралық іс-шаралар өткізіледі.

АҚШ, Германия, Израиль, Түркия, Франция және Қазақстандағы басқа да бірқатар елдердің дипломатиялық өкілдіктерімен ынтымақтастық белсенді дамуда. Олармен бірге Академия қызметінің қысқа кезеңінде Қазақстан мен шетелде жүзден астам халықаралық іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Тек соңғы үш жылда құқық қорғау органдарының 250 қызметкері түрлі ғылыми-білім беру және шетелдік алаңдарға қатысты. Біздің қызметкерлер Австрия, АҚШ, Венгрия, Германия, Жапония, Қытай, Италия және Францияда өткізілетін іс-шараларға қатысты. Академияның Ресейлік жетекші жоғары оқу орындарымен өзара іс-қимылы кезінде Ресей Федерациясында жыл сайын 20-дан астам қызметкер біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасады.

Біздің резервте – қадағалау тәжірибесінің үлкен өтілі, аса маңызды және күрделі қылмыстық істерді тергеу тәжірибесі. Бұл жұмыстың табысты болуын тек сауатты және құзыретті тергеушілер мен аналитиктер ғана қамтамасыз ете алады. Біз әріптестерімізбен өз біліміміз және жасаған жұмыстарымызбен бөлісе аламыз. Сондықтан, жаңа мәртебе аясындағы жұмысты жасай алатынымызға сенімдіміз.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде білікті мамандарды даярлау,



біліктілікті арттырудың тиімді жолдарының бірі болып табылды. Біз бағдарламаға алғаш рет құқық қорғау органдарының қызметкерлері енгізілгеніне қол жеткіздік. Өткен жылдан бастап прокуратура, полиция, Экономикалық тергеу қызметі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюро қызметкерлері алдыңғы қатарлы шетелдік білім беру орталықтарында тағылымдамадан өтуге, құқық қорғау саласындағы алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені зерделеуге мүмкіндік алды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру – ғылыми-білім беру қызметінің тағы бір маңызды бағыты. Өткен уақыт ішінде Академияда магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша 118 қызметкер оқуды аяқтады. Тағы 108 қызметкер оқуды жалғастыруда.

Жыл сайын Академия магистратураға 40 адам және докторантураға 10 адам қабылдап келді. Ағымдағы жылдан бастап магистратурада мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс 60 адамға дейін өсті.

Біз осы күнге дейін тек ғылыми-педагогикалық кадрларды даярладық. Өткен жылы құқық қорғау органдарының болашақ басқарушыларын даярлау бойынша бейіндік магистратураға алғаш рет қабылдау жүзеге асырылды. Мамандандыруды күшейту өзектілігі практикалық, қолданбалы сипаттағы білім алу қажеттілігінен туындап отыр. Жыл бойы магистранттар тереңдетілген кәсіби дайындықтан өтеді.

Академиядағы оқу білім алушылар үшін елеулі артықшылықтар беретінін ерекше атап өткім келеді. Бірінші кезекте оқыту мемлекет есебінен жүргізіледі. Келіп түскен қызметкерлер соңғы лауазымдық жалақыдан 70% мөлшерінде атақ пен сыныптық шендер үшін үстеме ақы алады. Бұдан басқа, оқу кезеңі құқық қорғау қызметінің прогрессивті қатынастағы өтіліне – бір жарым жылға есептеледі. Сондай-ақ оқуды сәтті аяқтаған түлектерге жоғары лауазымға кадрлық резервке тұруға кепілдік беріледі.

Академияның ауқымды диссертациялық кеңесі құрылды. Бүгінде ол философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша

құқық докторы дәрежесін беруге және диплом беруге құқығы бар дербес субъект мәртебесіне ие болды. Оның құрамында – белгілі қазақстандық ғалымдар. Өткен жылы жаңа мәртебе аясында докторлық диссертациялардың алғашқы қорғауы өтті.

Магистрлік және докторлық диссертациялардың тақырыптары құқық қорғау органдарының тәжірибелері мен ұсыныстарын ескере отырып қалыптасатыны өте маңызды. Сонымен қатар, ғылыми жұмыстардың жоғары әлеуметтік бағдарлануы байқалады.

Сонымен, докторанттардың зерттеулері базасында Білім және ғылым министрлігімен және «Nazarbayev University» бірлесіп «Сотқа дейінгі тергеу бойынша аналитикалық бағдарлама», «Педофилияның алдын алу» сияқты жобалар бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Әлеуметтік жобалар мектебі» бағдарламасы аясында «Баланың үйдегі қауіпсіздігі» тақырыбына маңызды әлеуметтік зерттеу жүргізілді. Оның басты мақсаты – ата-анасы жоқ үйде тұрған балалардың мінез-құлқын зерттеу, ересек адамдарға балаларды ықтимал қауіпті жағдайларға дайындауға көмектесу.

Балалардың құқықтарын қорғау комитетімен бірлесіп екі әлеуметтік эксперименттің қорытындысы бойынша тұрғындар үшін балаларды ұрлауды болдырмауға қатысты роликтер мен жадынамалар дайындалды және жарияланды.

Академияның Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты (ВФЗИ) Қоғамдық мүдделерді қорғау саласындағы мәселелерді зерттеу орталығында, азаматтардың еңбек құқықтарын сақтаудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеу жүргізуде.

Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен, сондай-ақ астаналық мектептердің жоғары сынып оқушыларымен волонтерлік бағдарламалар белсенді түрде жүзеге асырылуда.

Ғылыми әлеуетті дамыту және шығармашылық мүмкіндіктерді іске асыру үшін жас ғалымдар кеңесі, сондай-ақ магистранттар мен докторанттар кеңесі жұмыс істейді.

Ғылыми қызмет саласы бойынша бүгінде Академия құқық қорғау органдарының бірыңғай ғылыми-зерттеу

саясатының, іргелі және қолданбалы ведомствоаралық ғылыми зерттеулерді жүргізудің үйлестірушісі болып табылады. Бұл міндетті Академияға Мемлекет басшысы жүктеген.

Осыған орай ғылыми-әдістемелік кеңес құрылды. Оның құрамында – барлық құқық қорғау органдарының өкілдері, Парламент депутаттары мен көрнекті қоғам қайраткерлері бар. Кеңес құқық қорғау органдарының құқық қолдану тәжірибесінің өзекті проблемалары бойынша келіп түскен ұсыныстары негізінде жыл сайын ведомствоаралық ғылыми зерттеулер үшін перспективалық бағыттарды айқындайды.

2019 жылы үш ауқымды зерттеу жүргізілді, оларға Президент Әкімшілігінде, Қауіпсіздік Кеңесінде оң баға берілді.

Атап айтқанда, Академия ғалымдары «жеке өмірге қол сұғылмаушылық» ұғымын анықтаудың ғылыми негізделген тәсілдерін қалыптастырды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі айқын. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы – Конституцияда кепілдік берілген іргелі құқықтардың бірі, ол адамды жеке өмірге қол сұғушылықтан қорғауы тиіс.

Қазақстан заңнамасы тұтастай алғанда адамды осындай араласулардан тиімді қорғауға, кінәлілерді осы құқықтарды бұзғаны үшін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, құқық қолдану тәжірибесінде осы құқықтың мазмұнын түсіндіруде көптеген қиындықтар туындайды.

Зерттеу шеңберінде Академия ғалымдары үлкен және тынымсыз жұмыс жүргізді. Көптеген отандық және халықаралық құқықтық актілер зерделенді, соңғы жеті жылда осы санаттағы барлық істер бойынша құқық қолдану тәжірибесі талданды. Талдау заңнаманың елеулі бөлігін және мемлекеттік органдардың мүдделерін қамтыды.

Осының барлығы халықаралық стандарттарға және осы іргелі құқықты прогрессивті түсінуге негізделген «жеке өмірге қол сұқпаушылық» ұғымының дұрыс және ең оңтайлы құқықтық анықтамасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері бойынша жеке өмірге қол сұғылмаушылықтың конституциялық кепілдіктерін нығайтуға, адам-

дарда өздерінің дербес деректерін қорғаудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған шаралар кешені әзірленді.

Академияның ұсыныстары Президент Әкімшілігінің мақұлдауына ие болды. Қоғамды тарта отырып, осы тәсілдерді кезең-кезеңімен іске асыру орынды деп танылды.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарын орындау шеңберінде (Президенттің 15.02.2018 ж. Жарлығы) «Қылмыстардың, теріс қылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен өзге де критерийлерін негізге ала отырып, олардың ұғымдарын нақтылау және аражігін ажырату бойынша ғылыми-құқықтық тәсілдерді әзірлеу» ғылыми зерттеуі жүргізілді.

Зерттеудің негізгі қорытындылары мен ұсыныстары өткен жылы Президент Әкімшілігі, Парламент, Жоғарғы Сот өкілдерінің және қазақстандық жетекші ғалымдардың қатысуымен криминологиялық форумда талқыланды.

Академия келесі қорытындылар мен ұсыныстарға назар аударды. Отандық заңнама әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыс және қылмыстық теріс қылықтар үшін жауапкершілікті көздейді. Бірақ, тәжірибе көрсетіп отырғандай, әртүрлі әрекеттердің бір мағыналы және қатесіз саралануы көбінесе құқық бұзушылықтарды саралаудың нақты критерийлерінің болмауына, соның салдарынан – қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтауға, оларды жасағаны үшін жауапкершілік шараларын таңдауға кедергі келтіреді.

Ғылыми зерттеу барысында қылмыстық және әкімшілік заңнамадағы жаза мөлшерінің арақатынасында елеулі ауытқулар анықталды. Кейбір теріс қылықтар бойынша жаза қылмыстарға қарағанда жоғары көзделген, қылмыстық жауаптылықтың өлшемсіздігі фактілері анықталды.

Осыған орай, ғалымдар әрекеттерді шектеу критерийлерін анықтауға әрекет жасады. Әкімшілік заңнаманың репрессивтілігін төмендету, Қылмыстық кодекстің жекелеген санкцияларын қайта қарау жөніндегі қадамдар ұсынылды, олар



көбінесе жаза мен әлеуметтік әділеттілікті дараландыру ұғымына сәйкес келеді.

Мұндай тәсіл қазіргі уақытта әзірленіп жатқан Құқықтық саясат тұжырымдамасының контекстінде өзекті болып табылады.

Өткен жылы біз қылмыстық процестің тұжырымдамалық моделі бойынша зерттеуді аяқтадық, сотқа дейінгі тергеу органдары мен прокурордың өкілеттіктерін бөлу мәселелерін зерделедік.

Біздің ойымызша, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын одан әрі жетілдіру мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жөніндегі прокуратураның тағайындалуы мен конституциялық өкілеттіктеріне сүйене отырып қаралуы және жүргізілуі тиіс.

Сондықтан, прокурордың қылмыстық іс жүргізу заңындағы іс жүргізу өкілеттігі оларды конституциялық талаптарға сәйкес келтіруді талап етеді деп санаймыз: тергеушінің жеке адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын шектейтін шешімдер қабылдауы (ЖТӨ келісімі), сондай-ақ тек прокурор арқылы ғана жауапкершілікке тарту.

Іс жүргізу заңнамасының даму перспективаларын біз құқық қорғау және сот органдары өкілдерінің, сондай-ақ ғалымдардың қатысуымен талқылауды жоспарлап отырмыз.

2018 жылдан бастап Академияға бейінді бағыттар бойынша ақылы қызмет көрсетуге рұқсат берілді.

Бірінші рет «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – ҰКП) тапсырысы бойынша ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институтының авторлық тобы, кәсіпкерлікті қорғаудың өзекті мәселелері бойынша ғылыми талдау жүргізді.

Оның қорытындысы бойынша бизнесті қорғауды күшейту бойынша ұсыныстар қалыптастырылды, заңнамаға елеулі түзетулер әзірленді. Атап айтқанда, қол сұғу объектісі – кәсіпкерлік бастаманы іске асыру бойынша қоғамдық қатынастар болып табылатын Қылмыстық кодекстің жеке тарауын енгізу ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері криминологиялық форум отырысында талқыланды, сондай-ақ «Атамекен» ҰКП жанындағы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесте сынақтан өтті.

Біздің тәжірибелі әріптестеріміздің қажеттіліктеріне жедел ден қою үшін зерттеудің жаңа түрі – экспресс-талдау енгізілді.

Құқық қолдану тәжірибесін зерттеу негізінде өзекті мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар енгіземіз. Олардың ерекшелігі неде?

Бірінші. Оның қолданбалы мәнінде.

Екінші. Заңнаманы, әсіресе қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу нормаларының доктриналық түсінігін негізге ала отырып, практиканы түзете алатындығында.

Үшінші. Жеделділікте. Күнделікті жұмыста бірден қолдануға болатындығында.

Мысалы, биыл Қауіпсіздік Кеңесі хатшысының тапсырмасы бойынша құқық қорғау органдарының полиграфологиялық зерттеулерді қолдану проблемалары бойынша экспресс-талдау жүргізілді.

Оның қорытындысы бойынша Полиграф институтының тиімді дамуын тежейтін бірқатар факторлар анықталды. Оларды шешу үшін полиграфолог мамандар үшін кәсіби және білім беру стандарттарын енгізу, полиграфологтар қызметінің сапасын дайындау, әдіснамалық қамтамасыз ету және бақылаудың бірыңғай орталығын құру ұсынылды.

Экспресс-талдау нәтижелері құқық қорғау органдары өкілдерінің, ғалымдар мен полиграфолог мамандардың қатысуымен өткен дөңгелек үстелде талқыланды.

Келешекте бұл мәселені заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі үйлестіру кеңесінде қарастыруды жоспарлап отырмыз.

Халықтың сенім деңгейін арттыру, қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту, азаптауларға және нашақорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ведомствоаралық зерттеулер жалғасуда.

Көріп отырғанымыздай, ғылыми әзірлемелер ғылым мен тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, құқық қорғау

қызметін жетілдіру мәселелерін шешуге бағытталған.

Бұл барлық құқық қорғау органдарының келісілген іс-әрекеттері мен бірыңғай көзқарасты талап ететін проблемалар.

Алайда, осы бағыттағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл туралы айту әлі ерте.

Сонымен қатар, бізде бірлескен талдау жұмыстары, ғылыми ізденістер жүргізу, күш-жігерді біріктіру және жалпы құқық қорғау стратегиясын әзірлеуге арналған үлкен алаң бар. Бұл әсіресе жаһандық қауіп-қатерлерге қарсы күрес тұрғысынан өзекті болып отыр. Мысалы, қазіргі кездегі төтенше жағдай және коронавирус пандемиясына байланысты орнаған карантин жағдайларында құқық тәртіп органдары үйлесімді және тиімді жұмысты көрсетуі тиіс. Әрине, бұл үшін, ең алдымен, құқық қорғау органдары мен олардың басшыларына жүктелген барлық жауапкершілікті түсінуіміз қажет.

Академия IT-технологияларды белсенді енгізуде. Бүгінгі күні ғылыми-білім беру қызметінде сандық сервистерді дамытуға бағытталған бірқатар маңызды жобалар іске асырылды.

Атап айтқанда, «Е-Академия» білім беру порталы оқу процесін басқаруды автоматтандыруға мүмкіндік береді және тыңдаушылармен кері онлайн байланысты қамтамасыз етеді. Порталмен қашықтықтан оқыту жүйесі біріктірілген. Осының арқасында қызметкерлер ыңғайлы уақытта өз біліктілігін жұмыстан қол үзбей арттыра алады.

Мысалы, өткен жылы аумақтық прокуратуралардың 500-ге жуық қызметкері Бас прокуратураның ақпараттық-талдау жүйелерімен жұмыс істеу дағдылары бойынша қашықтықтан оқытудан өтті. Прокурордың қылмыстық процеске қатысуының құқықтық және практикалық мәселелері бойынша 150 қызметкер оқытылды. Биылғы жылы осындай форматта мемлекеттік тілді үйрену сабақтары өтіп жатыр.

Тергеу және прокурорлық жұмыстар үшін «Сотқа дейінгі тергеу» виртуалды бағдарламасы жақсы демеу болды. Сондай-ақ біздің қызметкерлеріміз әзірлеген виртуалды криминалистикалық зертхана да бар.

Ғылыми жетістіктермен алмасу аясында ведомствоаралық ғылыми-ақпараттық жүйе, электронды кітапхана және репозиторийлар құрылған, соның арқасында Академияның ғылыми жетістіктеріне, электрондық каталогтарға, біздің ғалымдар мен кітапхана ресурстарына ашық қол жеткізу мүмкіндігі бар.

ЖОО бәсекеге қабілетті және инвестициялық тартымды мекеме етіп жасау үшін біз қосымша қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік алдық. Академия бүгінде біліктілікті арттыру, ғылыми зерттеулер жүргізу, оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеу шеңберінде ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді.

Әрине, қол жеткізілген бірлескен күш-жігер мен ізденістің, әркімнің ортақ нәтижеге қол жеткізуде қосқан үлесінің нәтижесі болды. Академия қабырғасында ұйымшыл, дәнекерленген ұжым, лайықты зияткерлік орта қалыптасты.

Жалпы біздің институттарымыз тәжірибелі педагогикалық қызметкерлермен жасақталған, олардың үштен бірінен астамы ғылыми атақтары мен дәрежелеріне ие. Біліктілікті арттыру және кәсіби даму жүйесі жолға қойылған. Ғылыми-педагогикалық шеберлік мектебі жұмыс істейді, онда оқытушылық өтілі жоқ қызметкерлер үшін міндетті түрде оқытудан өтеді. Сондай-ақ оқытушылар құқық қорғау органдарында, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өтіп, педагогикалық қызмет салалары бойынша оқыту іс-шараларында өз білімдерін толықтырады.

Бұдан басқа, академиялық әлеует құқық қорғау органдарының орталық және облыстық аппараттарында бай жұмыс тәжірибесі бар практикалармен күшейтілген.

ЖОО қызметінің маңызды бағыты баспа жұмысы болып табылады. Академияның өз мерзімді басылымдары бар. Соңғы жылдары журналдар сапалы өзгерді – тұжырымдама жетілдірілді, редакциялық алқа құрамы жаңартылды.

«Академия Жаршысы» ғылыми журналы өткен жылы ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізіміне енгізілді.



Бүгінгі күні Жаршы құқықтық жүйенің өзекті мәселелерін талқылау, жаңа заңнамалық бастамалар мен жаңашылдықтарды қалыптастыру үшін инновациялық платформа болып табылады. Оның беттерінде Академияның және құқық қорғау органдарының, басқа да ғылыми мекемелердің қызметкерлері жүргізетін құқық қорғау қызметі, құқық және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелері жарияланады. Кәсіби мамандардың білікті пікірлері ғылыми ақпараттың маңызды көзі болып табылады. Сондықтан жарияланымдар тек мамандардың ғана емес, сондай-ақ кең заң қоғамдастығының да жан-жақты пікірлерін табады.

Мәселен, бүгінгі күні Жаршыда Академия ғалымдарының 64 ғылыми жұмысы жарық көрді. Атап айтқанда, бұл заңдарға түсініктеме, оқу, ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік құралдар, монографиялар, шолулар және т.б.

Сондай-ақ, Академияның қолдауымен прокурорлық қоғамдастықтың басылымы – «Заң және заман» журналы басылып шығады. Оның беттерінде ғалымдар мен практиктер құқық қорғау органдарының қызметі, заң ғылымы мен практикасын дамыту мәселелері бойынша кәсіби диалогтар жүргізеді.

Мерзімді басылымдардан басқа біздің ЖОО қызметкерлерінің күшімен түрлі өзекті бағыттар бойынша 70 ғылыми жұмыс шығарылды.

Өткен жыл Академия үшін ЖОО-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясын іске асыруды бастау белгісімен өтті. Бағдарламалық құжат әлемдік ғылыми-білім беру саласындағы заманауи инновациялық үрдістерді ескере отырып әзірленген. Стратегиялық мақсаттарда кадрларды даярлау сапасын арттыру, ғылыми-зерттеу жұмысын жетілдіру, кәсіби және жоғары өнімді кадр құрамын қалыптастыру, сондай-ақ халықаралық қатынастарды дамыту айқындалған.

Біздің қызметіміздің алғашқы нәтижелері қысқаша осылай. Алда оқу орнын одан әрі дамыту, білікті кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру бойынша үлкен және маңызды жұмыс бар.

Академияның тәжірибесі мен зияткерлік әлеуеті бізге белгіленген міндеттерді табысты орындауға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Академия ұжымына бірлескен жұмыс үшін, түсіністік пен қолдау көрсеткені үшін шын жүректен алғыс айтамын. Үлкен кәсіби табыстар, жетістіктерді еселеуді, шығармашылық ойларды іске асыруды тілеймін!